



## Облыстық семинар-кеңес

05.02.2015 ж.

Білім беру ұйымдарында еріктілер қозғалысының белсенділігін арттыру, дамыту және насихаттау мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған «Еріктілер қозғалысын дамыту» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өткізілді. Семинарға облыстық білім басқармасының маманы С.Д.Жумалиева, ЖОСӨСҚ орталығының басшысы Г.Иманбекова, "Амазонка" ҚҚ директоры А.Г.Сарьян, "ЖО КЕҰ Ассоциациясы" заңды тұлғалар бірлестігі төрайымы А.О.Заурбекова және 49 білім мекемесі директорларының орынбасарлары, еріктілер қатысып тәжірибе алмасты. Семинардың ұйымдастырылуына БКҰ төрайымы Абдрахманова Н.Р., ЖІК төрайымы Уркимбаева Д.Б., Ескебекова З.С.басқарған ЦӘК оқытушылары және еріктілер белсене атсалысты. Еріктілер жасақтарының жетекшілері М.Т.Раймбаева мен О.А.Махамбетова баяндама жасап, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.



## Құттықтаймыз!

06.03.2015 ж. Қала әкімі Календеров Нұржан Сабитұлы 8 Наурыз "Халықаралық әйелдер күні" мерекесіне орай әйелдер қауымын құттықтап, колледж директоры Қонырова Самиха Қонырқызы "Алғыс хатпен" марапатталды.



Біздің мекен-жайымыз: Тараз қаласы,  
Жамбыл медициналық колледжі  
Ниетқалиев к. 20, 2 қабат  
әдістемелік кабинет.



№6(6) 6 наурыз 2015 жыл, жұма



## Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдық мерейтой карсаңында.

14.02.2015ж.



Әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясы оқытушыларының ұйымдастыруымен Қазақ хандығының құрылуына 550 жыл толуына байланысты «Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміз XV ғасырдағы Қазақ хандығының тарихи жалғасы» тақырыбында колледжішілік ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

Конференцияның мақсаты:

-Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында Қазақ хандығының тарихын зерделеу, ұлттық тарихымызды насихаттау.

- Жастарды ғылыми жұмыстарға ынталандыру және Қазақ хандығының өзекті мәселелерін зерделеу және талқылау.

- Қазақ хандығының құрылу тарихымен таныстыру, қазақ жеріндегі тұңғыш дербес мемлекеттің жаулап алушылық соғыстар нәтижесінде емес, халықтың ғасырлар бойы армандаған арман-тілегі мен өзара туыстастығы нәтижесінде дүниеге келгенін ұғындыру.



Марапаттау:

Бас жүлде "Емдеу ісі" бөлімі, 206 топ білімгері Шахман Әсем, жетекшісі Иманалиева Г. Ж., I орын "Емдеу ісі" бөлімі, 205 топ білімгері Ордабаева Айнұр, жетекшісі Сыздықова Ф.А., II орын "Емдеу ісі" бөлімі, 314 топ білімгері Жылгелді Жайдарлы, жетекшісі Айдабосынова Ж.Н., III орын "Емдеу ісі" бөлімі, 208 топ білімгері Амантаев Данияр, жетекшісі Маманова Ш.Т., "Мейірбике ісі", 211 топ білімгері Токтасын Сыланды, жетекшісі Жакипова



Бүгінгі  
нөмірде:

- ✓ Колледжішілік ғылыми-теориялық конференция
- ✓ Ашық сабақтар
- ✓ Педагогикалық кеңес
- ✓ Біліктілікті көтеру
- ✓ Облыстық семинар-кеңес
- ✓ Колледждегі тәрбие жұмысы
- ✓ Құттықтау



## Колледжде өткізілген ашық сабақтар

**11.02.2015 ж.**  
Қилыбаева Г.Т. «Мейірбикелік іс» бөлімі, 223 топта медбикелік ісі негіздері пәнінен ашық сабақ өткізді. Тақырыбы: «Дене қызуын өлшеу. Тамыр соғуды зерттеу».



Сабақ жақсы деңгейде өткізілді, мақсатына жетті.

**8.02.2015 ж.**  
Токсанбаева Д.Н. «Емдеу ісі» бөлімі, 108 топта физика пәнінен ашық сабақ өткізілді. Тақырыбы: «Действие магнитного поля на движущийся заряд. Сила Лоренца». Сабақ мақсатына жетті.



**19.02.2015 ж.**  
Математика пәнінің оқытушысы Ж. Т.Акетаева «Емдеу ісі» бөлімі, 110 топта ашық сабақ өткізілді. Тақырыбы: «Натурал көрсеткішті дәрежелік функцияның туындысы. Қосындының, көбейтіндінің, бөлшектің туындысы».



Сабақ мақсатына жетті

**23.02.2015 ж.**  
Рысқұлбекова Д.А. «Емдеу ісі» бөлімі, 109 топ, жағрафия пәнінен ашық сабақ өткізді. Тақырыбы: «Западная Европа». Сабақтың мақсаты: саяхат сабағы арқылы сабақты қызықты етіп өткізу. Сабақ мақсатына жетті.



**26.02.2015 ж.**  
Көшкинбаева Г.Ж. АӘД пәнінен «Емдеу ісі» бөлімі, 102 топта ашық сабақ өткізді. Тақырыбы: «Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс жасау. Қозғалыстағы бұрылыстар»



Сабақтың мақсаты: алғашқы әскери дайындық сабағында интерактивтік тақтаны тиімді қолдану. Сабақ мақсатына жетті.

**27.02.2015ж.**  
Буксукбаева А.А. «Емдеу ісі» 109 топта информатика пәнінен ашық сабақ өткізді. Тақырыбы: «Основные понятия Microsoft Power Point».



Сабақ жақсы деңгейде өтті, мақсатына жетті.

## Педагогикалық кеңес

**26.02.2015ж.**

Педагогикалық кеңес өткізілді.



1. Кешкі бөлім "Мейірбике ісі" мамандығы бойынша диплом алдындағы мемлекеттік тәжірибенің қорытындысын және кешкі бөлім "Мейірбике ісі" мамандығы бойынша мемлекеттік емтиханның қорытындысын сараптау. Жауапты: директордың оқу-тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Тлеубаева М.И.
2. Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері (қазақ және ағылшын тілі) сабақтарында және сыныптан тыс іс-шараларында тәрбие мақсаттарын іске асыру. Жауапты: №1 Жалпы білім беру пәндер және жаратылыстану пәндер ЦӘЖ төрайымы Тұрсынбаева Р.К.
3. Орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінің жұмысы туралы есеп. Жауапты: директордың біліктілікті арттыру ісі жөніндегі орынбасары Кабировна Ж.М.



4. 2014-2015 оқу жылының І-ші жартыжылдықтағы оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының қорытынды есебі. Жауаптылар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Б.Мырзагулова, директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Ж.Н.Сарыбекова, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова.



## Біліктілікті көтеру

**07.02.2015ж.** «Өрлеу» біліктілігін арттыру ұлттық орталығында физика пәнінің оқытушысы Р.К.Тұрсынбаева «Физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» тақырыбында біліктілігін арттырды.

**28.02.2015ж.** «Өрлеу» біліктілігін арттыру ұлттық орталығында дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Ж.Ш.Ибраев «Дене шынықтыру сабағында оқушылардың салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында біліктілігін арттырды.